

Астық беріп тұруға шарт жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 1994 жылғы 5 желтоқсан N 491

1. Республиканың ауыл шаруашылық мекемелеріне биылғы жылғы берілген электр қуаты үшін есеп айырысуды жүзеге асыру мақсатында облыс әкімдері мен Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі электр қуаты үшін берешек шаруашылықтармен алынған электр қуаты үшін қосымшаға сәйкес қарыздарды ішінара өтеу есебінде, Түрікменстанға бос қалдықтардан 120 мың тонна /оның ішінде 70 мың тонна азық-түліктік/ астық беріп тұруға шарт жасасуды қамтамасыз етсін.

"Астық" мемлекеттік акционерлік компаниясына, сондай-ақ келісім-шарт негізінде астық жеткізіп берумен айналысатын коммерциялық құрылымдарға, Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігіне Түркіменстан Республикасына аталған мөлшердегі астықты

жөнелтуде көмек көрсетуге ұсыныс жасалсын.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі аталған астықты жөнелтуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Кеден бас басқармасы қажетті құжаттарды кеден бажын алмай-ақ ресімдейтін болсын.

Премьер-министрдің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің
1994 жылғы 5 желтоқсандағы
N 491 өкіміне
қосымша

Шаруашылықтың бос қалдықтарынан электр қуаты
үшін қарыздарды ішінара өтеу есебінде Түркіменстанға
астық беру
МӨЛШЕРІ

| /мың тонна/ | қарызы /млн. теңге/

Ақмола	20	500
Ақтөбе	20	310
Батыс Қазақстан	20	310
Көкшетау	30	588
Солтүстік Қазақстан	30	504

Барлығы	120	
---------	-----	--

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК